

Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2001 жылдың сәуір-маусымында кезекті мерзімін әскери қызметке шақыру туралы" 2001 жылғы 30 наурыздағы N 578 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 сәуір N 447

Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2001 жылдың сәуір-маусымында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2001 жылғы 30 наурыздағы N 578 U010578_ Жарлығын іске асыру мақсатында және "Жалпыға бірдей әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қантардағы Заңының Z939000_ 13-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері шақыру комиссияларының жұмысын ұйымдастырын және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2001 жылдың сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі шақырылушиларды жинау және әскерлерге жөнелту орындарына ішкі істер органдары қызметкерлерінің күштейтілген кезекшілігін ұйымдастырын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен шақыру пункттерін медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігінің өтінімдері бойынша мерзімді әскери қызметтің запасқа шығарылған әскери қызметшілері мен Қарулы Күштерге, басқа әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Корғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарды, сондай-ақ мерзімді әскери қызметтен запасқа шығарылған әскери қызметшілерді тасымалдауга жұмсалатын шығыстарды өтеуді республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаржы шегінде тасымалдауды жүзеге

асыратын ұйымдарға тікелей, олар ұсынған шоттар бойынша жүргізсін.

6. Некеде тұратын және бір баласы бар шақырылушыларды шақырудың шекті жасына дейін мерзімді әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК